

Қазақстан Республикасының телекоммуникация желілерінде жедел-іздістіру іс-шараларын жүргізетін аппараттық-бағдарламалық және техникалық құралдарды енгізу және пайдалану кезіндегі мемлекеттік органдар мен ұйымдардың өзара іс-қимыл ережелерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2004 жылғы 20 қыркүйектегі N 179, Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігінің 2004 жылғы 20 қыркүйектегі N 199-б бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 5 қарашада тіркелді. Тіркеу N 3187. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің 2012 жылғы 23 сәуірдегі № 196 және Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2012 жылғы 28 сәуірдегі № 194 бірлескен бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Көлік және коммуникациялар министрінің 23.04.2012 № 196 және ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 28.04.2012 № 194 бірлескен бұйрығымен.

"Жедел-іздістіру қызметі туралы" және " Байланыс туралы " Қазақстан Республикасының заңдарына, "Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 13 маусымдағы N 1107 Жарлығына , "Қазақстан Республикасының телекоммуникациялар желілерінде жедел-іздістіру іс-шараларын жүргізуді қамтамасыз ету жөніндегі қосымша шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 17 тамыздағы N 1081 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының телекоммуникациялар желілерінде арнайы жедел-іздістіру іс-шараларын дайындау және жүргізу кезінде Қазақстан Республикасының өкілетті органдары мен ұйымдарының өзара іс-қимыл жасауының бірыңғай тәртібін орнату мақсатында **БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының телекоммуникация желілерінде жедел-іздістіру іс-шараларын жүргізетін аппараттық-бағдарламалық және техникалық құралдарды енгізу және пайдалану кезіндегі мемлекеттік органдар мен ұйымдардың өзара іс-қимыл ережелері бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2002 жылғы 20 наурыздағы N 42 - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2002 жылғы 29 наурыздағы N 103-1 " Қазақстан Республикасының телекоммуникация желілерінде жедел-іздістіру

іс-шараларын жүргізетін аппараттық-бағдарламалық және техникалық құралдарды енгізу және пайдалану кезіндегі мемлекеттік органдар мен ұйымдардың өзара іс-қимыл ережелерін бекіту туралы" N 1831 нөмірмен тіркелген (Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілері бюллетені, 2002 ж., N 21, 621 бет)

бірлескен бұйрығының күші жойылды деп саналсын.

3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасы
Ұлттық қауіпсіздік
комитетінің Төрағасы*

*Қазақстан Республикасы
Ақпараттандыру және байланыс
жөніндегі агенттігі
төрағасының міндетін атқарушы*

*Қазақстан Республикасының
Бас прокуроры*

Қазақстан Республикасы Ұлттық
қауіпсіздік комитеті Төрағасының
2004 жылғы 20 қыркүйектегі N 179

Қазақстан Республикасы
Ақпараттандыру және байланыс
жөніндегі агенттігі Төрағасының
міндетін атқарушының
2004 жылғы 20 қыркүйектегі
N 199-б бірлескен бұйрығымен
бекітілген

**Қазақстан Республикасының телекоммуникация
желілерінде жедел-іздістіру іс-шараларын жүргізетін
аппараттық-бағдарламалық және техникалық құралдарды
енгізу және пайдалану кезіндегі мемлекеттік органдар
мен ұйымдардың өзара іс-қимыл
ЕРЕЖЕЛЕРІ 1. Жалпы ережелер**

1. Осы Ережелер Қазақстан Республикасының телекоммуникация желілерінде арнайы жедел-іздістіру іс-шараларын (бұдан әрі - АЖІІІ) өткізудің аппараттық-бағдарламалық және техникалық құралдарын енгізу және пайдалану кезінде Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің (бұдан әрі - ҰҚК), Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігінің (бұдан әрі - АБА), тіркелген сертификаттау жөніндегі органдардың және байланыс операторларының бірыңғай өзара іс-қимыл тәртібін белгілейді.

2. Осы Ережелерде қолданылатын негізгі ұғымдар:

1) сертификаттау жөніндегі орган - Қазақстан Республикасының сертификаттау жүйесі белгілеген тәртіпте АЖІІІ жүргізуді қамтамасыз ету бөлігінде байланыс жабдықтарын сертификаттау жөніндегі жұмыстарды жүргізу үшін тіркелген заңды тұлға;

2) байланыс операторы - Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңнамалық актісімен белгіленген тәртіпте байланыс қызметтерін көрсетуге лицензия алған жеке немесе заңды тұлға;

3) байланыс жабдығы - абоненттердің берілетін бірегейлендіру белгілеріне сәйкес абоненттер арасында байланыс арналарын қалыптастыруды қамтамасыз ететін сымдық, сымсыз телефон байланысы мен байланыс операторларының ақпаратты беру желілерінің құрауышы;

4) арнайы жедел-іздістіру іс-шараларының құралдары (бұдан әрі - АЖІІІ құралдары) - Қазақстан Республикасының телекоммуникация желілерінде АЖІІІ жүргізуді қамтамасыз ететін байланыс жабдықтарының техникалық және аппараттық-бағдарламалық құралдары;

5) шығарылған басқару пульт жабдығы (бұдан әрі - ШБП жабдығы) - байланыс жабдығының құрамына кірмейтін байланыс объектісіне орналастырылатын және АЖІІІ құралдарын басқаруды қамтамасыз ететін аппараттық-бағдарламалық және техникалық құралдар жинағы;

6) АЖІІІ құралдарының кешені - байланыс операторлары мен ҰҚК техникалық құралдар кешеніне кіретін АЖІІІ құралдары, ШБП жабдықтары, арна құрушы жабдықтары, байланыс желілері мен арналары;

7) белгіленген талаптар - Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері мен стандарттау және сертификаттау жөніндегі нормативтік құжаттардың АЖІІІ жүргізуді қамтамасыз ету бөлігіндегі байланыс жабдықтарына талаптары;

8) абоненттің бірегейлендіру белгісі - байланыс жүйесінде абонентті анықтайтын белгі (соңғы жабдықтың жеке абоненттік нөмірі, электрондық поштаның адресі, IP-адресі, логині, соңғы жабдықтың бірегейлендіргіші (IMEI), абоненттің халықаралық жүйелік бірегейлендіргіші (IMSI, TMSI);

9) провайдер - заңды және жеке тұлғаларға Интернет желісіне ену бойынша қызмет көрсетуге өкілетті байланыс операторы;

10) қайта жазылмайтын компакт-диск - оптикалық жазу технологиясы бойынша бір рет жазба жүргізілетін (Writeble compact disk, CD-R) ақпарат жинақтаушы.

3. АЖІШ құралдар кешендерін енгізу сымдық және сымсыз байланыс жүйелері жабдықтарында, сондай-ақ ақпаратты беру желілері жабдықтарында жүргізіледі.

4. АЖІШ құралдар кешендерін енгізу және пайдалану мәселелері жөніндегі мәліметтер Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялары болып табылады және олар Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік құпиялар туралы" Заңымен белгіленген тәртіпте қабылдануы, берілуі, қайта жолдануы, сақталуы тиіс.

5. АЖІШ жүргізуді қамтамасыз ету мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының уәкілетті органдары мен ұйымдарының өзара іс-қимыл жасауы заңдылық, мемлекеттік және өзге де заңмен қорғалатын құпиялары бар мәліметтердің сақталуын қамтамасыз ету, телекоммуникация желілерінде көрсетілген іс-шараларды өткізудің нысандары мен әдістерін ашуды болдырмау, тараптардың мүдделерін өзара сақтау қағидасында негізделуі қажет.

6. АЖІШ құралдар кешендерін енгізу, қосу және пайдалану кезінде туындайтын даулы мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте шешіледі.

2. Қазақстан Республикасының телекоммуникация желілерінде жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізетін аппараттық-бағдарламалық және техникалық құралдарды енгізу және пайдалану кезіндегі мемлекеттік органдар мен ұйымдардың өзара іс-қимыл тәртібі

7 . А Б А :

1) ҰҚК-мен келісім бойынша байланыс жабдықтарының АЖІШ өткізуді қамтамасыз ету бөлігіндегі дайындық мерзімін белгілейді;

2) заңнамада көрсетілген жағдайларда лицензияның әрекетін алты айға дейін

тоқтату туралы мәселені, тоқтатудың себебін көрсетіп, шешеді немесе лицензияны қайтарып алу туралы сотқа шағымданады.

8 . Ұ Қ К :

1) АЖІШ құралдары кешендерін байланыс операторларының байланыс жабдықтары мен арналарының техникалық өлшемдерін төмендетпей пайдалануын қамтамасыз етеді;

2) АЖІШ құралдар кешендерінің жұмыс істеуін бақылайды;

3) АЖІШ құралдар кешендерін пайдалану барысында жаңылысу және апат себептеріне комиссиялық тексеру жүргізеді;

4) байланыс операторының лицензиядағы шарттарды, байланыс жабдықтарын дайындау немесе жаңғырту, сертификаттаудан өткізу, АЖІШ құралдар кешендерін енгізу және пайдалануға ендіру мерзімдерін, сондай-ақ байланыс объектілерінде АЖІШ құралдар кешендерін пайдалану шарттарын бұзғандығы туралы АБА-ны хабардар етеді.

9 . А Б А және Ұ Қ К бірлесіп:

1) Қолданыстағы және пайдалануға жаңадан енгізілген байланыс жабдықтарының құрамында АЖІШ құралдарының болуын, сондай-ақ сертификаттау жөніндегі органдар берген АЖІШ жүргізуді қамтамасыз ету бөлігіндегі міндетті түрде сертификаттауға жататын өнімнің сәйкестік сертификаттарының болуын бақылайды;

2) АЖІШ құралдарының жұмыс істеуін, сондай-ақ байланыс жабдықтарында тапсырыс берілмеген функциялар мен қызмет көрсетулердің бар болуын тексеруді жоспарлы негізде ұйымдастырады;

3) байланыс жабдығын сертификаттау, сондай-ақ АЖІШ құралдар кешендерін енгізу мен пайдалану саласындағы нормативтік құжаттарды әзірлейді, келісіледі;

4) заңды және жеке тұлғалардың өтініштерін қарайды, АЖІШ құралдар кешендерін пайдалану барысында болған апаттардың немесе оқиғалардың себептерін комиссиялық тексеруге қатысады;

5) АЖІШ жүргізуді қамтамасыз ету бөлігіндегі байланыс жабдықтарына нормативтік талаптарды, АЖІШ құралдар кешендерін енгізу және пайдалану мәселелері бойынша нормативтік және техникалық құжаттарды әзірлейді.

10 . Байланыс операторлары:

1) қолданыстағы және пайдалануға жаңадан енгізілетін байланыс жабдығының құрамында АЖІШ құралдарының болуын және үздіксіз қызмет етуін қамтамасыз етеді, АЖІШ құралдар кешендерін қосқанда және пайдаланған

кезде қажетті байланыс жабдықтарының аппараттық (жалғаушы) қорларын б е р е д і ;

2) сертификаттауға АЖПШ жүргізуді қамтамасыз ету бөлігінде міндетті түрдегі сертификаттауға жататын байланыс жабдығын ұсынады, және/немесе өздерінде сәйкестік сертификаттары болуы тиіс;

3) ҰҚК-не АЖПШ жүргізуді қамтамасыз ету бөлігіндегі байланыс жабдықтары туралы қажетті техникалық мәліметтер ұсынады;

4) абоненттердің бірегейлік белгілері және жеке деректері бар ақпараттарға ҰҚК-нің енуін белгіленген тәртіпте қамтамасыз етеді;

5) техникалық және ұйымдастырушылық шаралармен байланыс желілерінің барлық абоненттерін жеке тіркеу және бірегейлендіру жүйесін жүзеге асырады;

6) ҰҚК-не келісім-шарт жағдайында пайдалануға байланыс объектілеріндегі қажетті қызметтік бөлмелерді және қажет болған жағдайда ШБП-нің жабдықтарын орналастыру үшін алаңдарды, сондай-ақ қажетті сыйымдылықта байланыстың тасымалдау арналарын және кабельдік қатынастар салу үшін ж о л д а р д ы ұ с ы н а д ы ;

7) АЖПШ құралдарының жұмыс істеуі бұзылған жағдайда, олардың жұмыс істеу қабілеттігін кідіртпей қалпына келтіруді қамтамасыз етеді;

8) байланыс объектілерінде орналасқан ШБП жабдықтарының сақталуын қамтамасыз етеді, электрмен қамтамасыз ету, жерлендіру, климаттық жағдайларды қоса отырып оны пайдалану үшін қажетті жағдайлар жасайды;

9) ҰҚК-мен бірлесе отырып, рұқсатсыз ену және қолдану мүмкіндігін болдырмайтын АЖПШ құралдар кешендерін пайдалану режимін қамтамасыз етеді.

3. АЖПШ жүргізуді қамтамасыз ету үшін байланыс жабдықтарын дайындау және жаңарту тәртібі

11. Байланыс операторлары АЖПШ жүргізу құралдарына сымдық телефон байланысы, сымсыз жылжымалы байланыс, ақпараттарды беру желілері жабдықтарының белгіленген нормативтік құжаттардың талабына сәйкес, АЖПШ жүргізуді қамтамасыз ету бөлігінде, қолданыстағы және пайдалануға жаңадан енгізілетін байланыс жабдықтарын әзірлеуді немесе жаңартуды жүзеге асырады. Осы мақсатта байланыс операторлары қажет болған жағдайда байланыс жабдығының көлеміне, үйлесімді кескініне және қосылу сұлбасына өзгерістер е н г і з е д і .

12. Байланыс операторлары байланыс жабдықтарын жеткізу немесе жаңғырту шартын жасасқанда белгіленген талаптарға сәйкес оның құрамында АЖПШ

құралдарының болуын, сондай-ақ АЖІІШ құралдарын енгізу және пайдалану кезінде өндірушілер тарапынан байланыс жабдықтарын техникалық қолдауын қамтамасыз етуді қарастырады. Сонымен қатар, құрамында нормативтік актілердің талаптарына сәйкес АЖІІШ құралдары болуы тиіс жабдықтың тізбесі мен техникалық ерекшеліктері, сондай-ақ аталған байланыс жабдықтарын Қазақстан Республикасының аумағына әкелуді байланыс операторлары ҰҚК-мен келіседі.

13. ҰҚК байланыс операторларына АЖІІШ жүргізуді қамтамасыз ету бөлігіндегі байланыс жабдықтарын дайындау немесе жаңартуды орындауда, сондай-ақ оны сертификаттауды жүзеге асыруда міндетті мерзімдерді белгілей алады, осы ретте байланыс жабдықтарын дайындау немесе жаңарту мерзімдері - алты күнтізбелік айдан, байланыс жабдықтарын сертификаттау - үш күнтізбелік айдан аспауы тиіс.

14. ҰҚК АЖІІШ жүргізуді қамтамасыз ету бөлігінде қолданыстағы және пайдалануға жаңадан енгізілетін байланыс жабдықтарын дайындау немесе жаңартуды қамтамасыз ету үшін байланыс операторларына қажетті техникалық мәліметтер береді, кеңестік және әдістемелік көмек көрсетеді.

15. АЖІІШ жүргізуді қамтамасыз етуге әсерін тигізетін байланыс жабдықтарындағы өзгерістерді (ауыстыруды, кеңейтуді) орындауды, сондай-ақ белгіленген талаптарға сәйкес өз құрамында АЖІІШ құралдары бар жаңа байланыс жабдықтарын пайдалануға енгізуді, байланыс операторлары жоспарланған жұмыстарды жүргізуге дейін үш күнтізбелік ай бұрын ҰҚК-мен келіседі.

16. Көрсетілетін қызмет тізбесін кеңейту немесе өзгерту кезінде байланыс операторлары ол туралы АБА-ны және ҰҚК-ні хабардар етеді.

17. Сертификаттау жүргізу барысында байланыс жабдықтарының мәлімделмеген функциясы табылған кезде ҰҚК АБА-ға, байланыс операторына және сертификаттау жөніндегі органға қайтадан сертификаттау жүргізу қажеттілігі туралы хабарлама жасайды.

4. АЖІІШ құралдар кешендерін енгізу және пайдалану тәртібі

18. АЖПШ жүргізуді қамтамасыз ету саласында өзара іс-қимыл жасауды ұйымдастыру мақсатында байланыс операторлары және ҰҚК: қ ұ п и я л ы л ы қ ;
ҰҚК-ге қажетті ақпараттар беру;
бөлмелер және байланыс арналарын беру;
жабдықтарды орналастыру үшін орындар және кабельдерді салу үшін жолдар б ө л у ;
ҰҚК өкілдерін байланыс объектілеріне жіберу;
АЖПШ құралдары кешендерін енгізу және пайдалану кезінде өзара і с - қ и м ы л д ы р е т т е у ;
АЖПШ құралдары кешендерін пайдалану және сақталу жағдайларын, оларға техникалық қызмет көрсету және жөндеуді ұйымдастыру туралы мәселелерін қ а м т а м а с ы з е т у .

19. ҰҚК және байланыс операторлары жыл сайын ағымдағы жылдың бірінші тоқсанында байланыс объектілерінде АЖПШ құралдар кешендерін жою және пайдалануға енгізу бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлейді және бекітеді.

20. Байланыс операторлары ҰҚК-мен бірлесе отырып, бөлмелерді, байланыс жолдары мен арналарды, электрмен қоректендіруді, климаттық жағдайларды дайындау мен техникалық қолдауды қоса алғанда, байланыс объектілерінде АЖПШ құралдар кешендерін енгізуге және пайдалануға техникалық жағдайлар әзірлейді және оларды бірлесе орындауды қамтамасыз етеді.

21. ҰҚК байланыс объектілерінде оның пайдалануына бөлінген бөлмелерді өрт сөндіру және күзету сигнализациясы құралдарымен жабдықтайды, бөлмелерде өртке қарсы қауіпсіздік және санитарлық жағдайларды сақтауды қ а м т а м а с ы з е т е д і .

22. Байланыс объектілерінде АЖПШ құралдар кешендерін енгізу және пайдалануға қосуды келісімдер негізінде және іс-шаралар жоспарына сәйкес ҰҚК байланыс операторларымен бірлесе отырып жүзеге асырады. Жұмыстарды орындау үшін сырттан мердігерлік ұйымдар тартылуы мүмкін.

23. Байланыс объектілерінде АЖПШ құралдар кешендерін енгізу және пайдалануға қосу жөніндегі жұмыстарды орындау кезінде байланыс операторлары іске қосу-орнату және тестілік жұмыстарды, соның ішінде

байланыс жабдықтарын жеткізушілер тарапынан техникалық қолдауды
қ а м т а м а с ы з е т е д і .

24. АЖПШ құралдарына техникалық қызмет көрсету және жөндеуді байланыс операторлары жүзеге асырады. ШБП жабдықтарына техникалық қызмет көрсету және жөндеуді ҰҚК жүзеге асырады.

25. АЖПШ құралдар кешендерін пайдалану бекітілген техникалық жағдайларға сәйкес жүзеге асырылады. Байланыс операторлары, соның ішінде байланыс жабдықтарын жеткізушілер тарапынан АЖПШ құралдарын пайдалану барысында олардың жұмыс істеуін техникалық қолдаумен қамтамасыз етеді.

26. ҚР ҰҚК байланыс операторларымен бірлесе отырып байланыс объектілерінде АЖПШ құралдар кешендерін пайдалану жағдайын мерзімді тексеруді жүзеге асырады. Байланыс операторы табылған ақауларды жою жөнінде кідірмей шаралар қабылдайды.

27. АЖПШ құралдарының жұмыс істеуінде ақаулар табылған жағдайда ҰҚК олардың жұмыс істеу қабілеттілігін қалпына келтіру қажеттілігі жөнінде байланыс операторын хабардар етеді. Егер байланыс операторы АЖПШ құралдарының жұмыс істеу қабілеттілігін қалпына келтіру бойынша кідірмей шаралар қабылдамаған жағдайда, ҰҚК АБА-ға лицензия беру шарттарының бұзылғандығы туралы хабарлама жолдайды.

28. ҰҚК және байланыс операторлары бірлесе отырып, АЖПШ құралдар кешендерін пайдалану барысында жаңылысуларды, ақауларды, апаттарды жедел түзетуді қ а м т а м а с ы з е т е д і .

29. Байланыс операторлары байланыс объектілерінде орнатылған АЖПШ құралдар кешендерінің, сондай-ақ оларды пайдалану тәртібінің сақталуына жауап береді және жабдықтар бұзылған немесе жоғалған жағдайда қалпына келтіруді қ а м т а м а с ы з е т е д і .

30. АЖПШ құралдар кешендерін пайдалануға байланысты байланыс жабдықтарындағы, АЖПШ құралдарындағы, ШБП және басқа да жабдықтардағы зақымдар, апаттар туындаған кезде ҰҚК және байланыс операторлары АБА-ны тарта отырып комиссиялық тергеу жүргізеді, оның барысында жабдықтардың жұмыс қабілеттілігін қалпына келтіру үшін тараптардың міндеттері белгіленеді.

31. Байланыс операторлары ҰҚК-мен бірлесе отырып, абоненттік деректер базасына және операторлардың есепке алуларына байланыстың қорғалған арналарын пайдалана отырып, қашықтан қатынау жабдықтарын қосуға және пайдалануға техникалық жағдайлар әзірлейді және олардың орындалуын қамтамасыз етеді. Қашықтан қатынау жабдықтарын қосуды, пайдалануды, оған техникалық қызмет көрсетуді ҰҚК жүзеге асырады.

32. Байланыс операторлары тоқсан сайын АБА-ға және ҰҚК-ге келесі тоқсанда байланыс желілерін дамыту жоспары, жоспарланып отырған байланыс жабдықтарын сатып алу, ұсынылатын байланыс қызметінің тізбесін кеңейту немесе өзгерту туралы мәліметтер ұсынып отырады.

5. Интернет провайдерлерінің жабдықтарында жүзеге асырылған қосылулар туралы жазбаларды есепке алу, тіркеу, сақтау және ұсыну тәртібі

33. Интернет провайдерлері бағдарламалық және аппараттық қамтамасыз етуді пайдалана отырып, пайдаланушылармен болған қосылулар туралы жазбаларды электронды түрде есепке алуды, тіркеуді және сақтауды жүзеге асырады.

34. Жедел-іздістіру қызметінің субъектілері Қазақстан Республикасы заңнамаларының талаптарын сақтай отырып, құқыққа қарсы іс-әрекет фактілерін құжаттау үшін жүзеге асырылған қосылулар туралы ақпарат алуға құқылы.

35. Провайдер абоненттің жалғанатын ену жөніндегі Интернет желісіне кесте түрінде жүргізілген жалғанатын сессияларды тұрақты түрде тіркеуді жүзеге асырады.

36. Абонент санақ кестесінің мынадай негізгі өрістері болуы тиіс:

- 1) пайдаланушының логині;
- 2) стандартты форматтағы уақыты;
- 3) жазба түрі (қосылу немесе ағыту);
- 4) пайдаланушының желіге берген трафигі;
- 5) пайдаланушының желіден алған трафигі;
- 6) сессияның бірегейлендіру нөмірі;
- 7) желіде болу уақыты;
- 8) ажырау себебі;
- 9) пайдаланушының компьютеріне бөлінген қосылу хаттамасы;

- 10) пайдаланушының компьютеріне бөлінген IP-адресі;
- 11) қайта қоңырау шалу нөмірі;
- 12) абоненттің шығыс нөмірі;
- 13) қосу туралы қызметтік ақпарат;
- 14) мәліметтерді алу жылдамдығы;
- 15) мәліметтерді беру жылдамдығы.

37. Күн сайын белгілі бір уақытта провайдер белгілі бір кезеңде (өткен сағатта, тәулікте) жиналған абоненттерді қосу статистикасы бар кестені жаңа қайта жазуға болмайтын компакт-дискіге жазуды жүзеге асырады.

38. Аталған компакт-дискілер осы Ереженің қосымшасына сәйкес нысан бойынша арнайы есепке алу журналында тіркеледі және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін жеке орын жайларда сақталады.

39. Компакт-дискілер бір жылға дейін мұрағатта сақталып, осы уақыт біткен соң жоюға жатады.

40. Жедел-іздістіру қызметінің субъектісі жүзеге асырылған қосылулар туралы ақпаратты алу үшін провайдерге прокурордың санкциясы бар техникалық байланыс арналарынан, компьютерлік жүйелерден және өзге де техникалық құралдардан ақпараттарды алу туралы қаулыны, сондай-ақ "күпиялық" белгісі бар ресми бланкіде сұрау жолдайды.

Сұрауда абоненттің нөмірі және (немесе) IP-адресі және қосылулардың сұранылатын уақыт мерзімі, сол мерзімде жүзеге асырылған қосылулар бойынша мәліметтер беру қажет.

Техникалық байланыс арналарынан, компьютерлік жүйелерден және басқа да техникалық құралдардан ақпаратты алу шараларын жүргізуге жедел-іздістіру қызметі субъектісінің қаулысында Қазақстан Республикасының мемлекеттік күпиялары қатарына жататын мәліметтер болмауы тиіс.

Интернет-провайдер байланыс арналарынан, компьютерлік жүйелерден және басқа да техникалық құралдардан ақпаратты алу туралы мәліметтерді беруді шектеулі рұқсаты бар жекелеген есептеу құжаттарына тіркейді және іс-шараның бастамашысына орындалған қаулыны қайтарады.

Байланыс операторының құқық қорғау органдарының қаулыларынан көшірмелер алуларына тыйым салынады.

41. Провайдер сұрау салудың талаптарына сәйкес жүзеге асырылған қосулар туралы ақпаратты дайындауды өз бетімен жүзеге асырады және жауабын

іс-шараны өткізуші бастамашыға жібереді. Қосулар жазылған компакт-дискілер сұрау салу бастамашысына берілмейді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық
қауіпсіздік комитеті Төрағасының
2004 жылғы 20 қыркүйектегі N 179
және Қазақстан Республикасы
Ақпараттандыру және байланыс
жөніндегі агенттігі Төрағасының
міндетін атқарушының 2004 жылғы
20 қыркүйектегі N 199-П бірлескен
бұйрығымен бекітілген
Қазақстан Республикасының
телекоммуникация желілерінде
жедел-ізвестіру іс-шараларын
жүргізетін аппараттық-бағдарламалық
және техникалық құралдарды енгізу
және пайдалану кезінде мемлекеттік
органдар мен ұйымдардың өзара

іс-қимыл ережелеріне қосымша

**Жүзеге асырылған қосулар туралы мәліметтері бар
компакт-дискілердегі тіркеу және есепке алу
журналы**

CD-R N		Жазу уақыты		Тіркеу уақыты (сағ.,		Жауапты адамның		CD-R
және		(сағ., мин.,		мин., сек., күні,		аты-жөні және		сақтау
тіркеу		сек., күні,		айы, жылы)		қолы		орны
кезеңі		айы, жылы)						
